

## Негізсіз төленген өтемақыны қайтару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 44, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 30 наурыздағы № 416, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 28 наурыздағы № 77, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 29 наурыздағы № 217, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 181 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 27 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 сәуірде № 16763 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Колданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қантардағы Қазақстан Республикасы Занының 4-бабының 6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса берілп отырған Негізсіз төленген өтемақыны қайтару қағидалары бекітілсін

2. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (Қожамжаров Қ.П.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде оның көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілгүйн;

3) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында осы бірлескен бүйректы орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

4. Бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Бас Прокурордың, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарларына, Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) басшысына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры  
\_\_\_\_\_ К. Қожамжаров

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі<sup>1</sup>  
\_\_\_\_\_ К. Қасымов

Қазақстан Республикасының  
Каржы министрі<sup>2</sup>  
\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасының  
Корғаныс министрі<sup>3</sup>  
\_\_\_\_\_ С. Жасұзаков

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері  
және сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ А. Шпекбаев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Бас прокурорының  
2018 жылғы 30 наурыздағы  
№ 44,  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2018 жылғы 29 наурыздағы  
№ 217,  
Қазақстан Республикасы  
Каржы министрінің  
2018 жылғы 30 наурыздағы  
№ 416,  
Қазақстан Республикасы  
Корғаныс министрінің  
2018 жылғы 28 наурыздағы  
№ 181,  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері  
және сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл агенттігі  
төрағасының 2018 жылғы 28  
наурыздағы № 77 және

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
төрагасының  
2018 жылғы 29 наурыздағы  
№ 27 бірлескен бұйрығымен  
бекітілген

## **Негіzsіz төленген өтемақыны қайтару қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Негіzsіz төленген өтемақыны қайтару қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленген және негіzsіz төленген өтемақыны қайтару тәртібін айқындайды.

### **2-тaraу. Негіzsіz төленген өтемақыны қайтару тәртібі**

2. Жәбірленушілерге өтемақы қоры (бұдан әрі - Қор) қаражаты есебінен өтемақы төлеу негіzsіz жүргізілген жағдайда прокуратура органдары оларды қайтару бойынша шаралар қабылдайды.

3. Мыналар:

- 1) Заңда көзделген негіздердің болмауы;
- 2) анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсыну;
- 3) кінәлі адамның жәбірленушіге келтірілген зиянды толық көлемде өтеуі;

4) қылмыстық процесті жүргізетін органның жәбірленуші ретінде адамның қатысуын тоқтату туралы қаулысы;

5) қылмыстық құқық бұзушылықтарды Заңының 6-бабына сәйкес өтемақы төлеу көзделмеген құрамға қайта саралау (қылмыстық процесті жүргізетін орган);

6) қылмыстық істі тоқтату (қылмыстық процесті жүргізетін орган) не қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауына байланысты сottың ақтау үкімінің заңды күшіне енуі Қордың қаражаты есебінен өтемақының төленуі негіzsіz деп тану жағдайлары болып табылады.

4. Қордан жәбірленушілерге негіzsіz төленген өтемақыны қайтару үшін негіздер туындаған кезде қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган осындаі негіздерді анықтаған сэттен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде (прокурормен қылмыстық құқық бұзушылықтарды Заңының 6-бабына сәйкес өтемақы төлеу көзделмеген құрамға қайта саралау және қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауына байланысты қылмыстық істі тоқтату жағдайларын қоспағанда) растайтын құжаттарды қоса тіркеп, прокурорға хабардар етеді.

5. Негіzsіz төленген өтемақыны өндіру туралы мәселені шешкен кезде прокурор өтемақы алышыны өз еркімен оларды қайтару құқығын түсіндіре отырып, ақшаны

Қордан төлем жүргізудің мән-жайлары туралы түсініктемелер алу үшін шақыртуға құқылы.

Негіzsіз алынған өтемақы қайтарылмаған жағдайда (оның ішінде өтемақыны алушыдан түсініктеме алу мүмкіндігі болмаған кезде) прокурор Заңың 11-бабына сәйкес 10 жұмыс күні ішінде сотқа арызбен жүгінеді.

6. Талап қою үшін жеткіліксіз құжаттар ұсынылған кезде прокурор 5 (бес) жұмыс күні ішінде қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органына пысықтау үшін оларды қайтаруға құқылы.

7. Өтемақы төлеу қорынан негіzsіз төленген төлемдерді қайтару туралы түскен материалдарды зерделеу барысында прокурор өтемақыны негіzsіз тағайындауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдайды (қажет болған жағдайда тексеру жүргізіледі)